

## Өндірістік объектілер мен алаңдарды, офистік үй-жайларды ашық тендерлерде төлеу мерзімін созып сату туралы Ереже

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 295. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 30 сәуір тіркелді. Тіркеу N 295. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 453 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 15 сәуірде бекіткен 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 295 Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде тіркелген Өндірістік объектілер мен алаңдарды, офистік үй-жайларды ашық тендерлерде төлеу мерзімін созып сату туралы Ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 U973398\_ Жарлығына сәйкес әзірленген және өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өндірістік күй-жайларды (бұдан әрі - объектілер) ашық тендерлерде төлеу мерзімін созып сатудың тәртібін реттейді.

2. Өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне инвентаризация кезінде анықталған мемлекеттік кәсіпорындарда пайдаланылмай тұрған өндірістік объектілер мен алаңдар, офистік үй-жайлар төлеу мерзімін 3 жылға созып сату үшін ашық тендерлерге қойылады.

Объектілерді сатудағы тендердің негізгі шарты олардың өндірістік мақсаттарға пайдаланылуы болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне аталған объектілерді сатуға беру жөнінде шешімді мемлекеттік меншікті үйлестіру бойынша құқықты жүзеге асыруға уәкілдігі бар мемлекеттік орган қабылдайды.

3. Тендерді ұйымдастыру мен өткізу үшін құрамында Қаржы министрлігінің жекешелендіру жөніндегі Департаментінің, Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару Департаментінің, Экономика және сауда министрлігінің шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі Департаментінің және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері енген комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс. Комиссияның төрағасы Қаржы министрлігінің жекешелендіру жөніндегі Департаментінің өкілі болып табылады. Комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия Төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

Комиссия тендердің шарттарын белгілеп, объектінің бастапқы бағасы мен жарнаның мөлшерін айқындап бекітеді; ақпараттық хабарды жариялау туралы шешім қабылдайды; тендер өткізеді және тендердің жеңімпазын жариялайды. Комиссия өз жұмысын ашық және жария түрде жүргізеді. Сондай-ақ оған бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуына шек қойылмайды.

4. Тендерді өткізу туралы хабарлама тендер өткізілуден кем дегенде 15 күн бұрын жеткілікті баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде жариялануы керек.

5. Тендерге өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы тиісті құжаттарды тапсырған заңды және жеке тұлғалар жіберіледі. Тендерге қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарламаның жарияланған күнінен басталады және тендер өткізілуден 3 күн бұрын аяқталады. Тендерге қатысу үшін объектіні өндірістік мақсатта пайдалану мен объектінің құны жөніндегі ұсыныстарды өтініммен қоса береді. Ұсыныстар, тәртіп бойынша конвертке салынған күйінде қабылданады, ол тендерлік комиссияның отырысында тендер өткізілетін күні ашылады. Тендердің Жеңімпазын Комиссия дауыс беру немесе қатысушылардың ұсыныстарына барлық баға қою жолымен белгілейді. Ең көп дауыс немесе ең жоғары баллдар сомасын жинаған қатысушы тендердің жеңімпазы деп танылады.

Комиссияның шешімі хаттамамен тіркеліп, оған комиссия мүшелері мен төрағасы қол қояды. Комиссия мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіріп, оны хаттамаға қосып беруге құқысы бар.

6. Тендер өткеннен кейін 10 күн ішінде қабылдау-беру актісінің және тендер қорытындысы туралы хаттама мәліметтерінің негізінде жекешелендіру жөніндегі Департаменті мен Сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қояды. Жазбаша түрде жасалатын сатып алу-сату шартында тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, объектінің құны, төлеу мерзімін созып сатудың ақы төлеу нысаны мен мерзімі көрсетіледі.

Төлеу мерзімін созып сату объектісі үшін құнын төлеу мынадай тәртіп бойынша жүзеге асырылады: сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен

бастап 30 күн ішінде Сатып алушы жарнаның алғашқы кезектегі сомасын төлейді . Төлем мерзімін созып сатудағы алғашқы кезектегі сомасының мөлшері сатылу бағасынан 15 проценттен кем болмауы тиіс, ал төлену мерзімі үш жыл. Сатып алушы қалған соманы сатып алу-сату шартында белгіленген тәртіп бойынша төлейді. Бұл жағдайда Сатып алушы кезекті төлемдерді мерзімінен бұрын енгізуге құқылы. Келісуші жақтардың келісімімен белгіленгендей әлі енгізілмеген сомаға проценттер есептеледі.

7. Сатып алушының жекешелендіру объектісі мен жер учаскесінің меншік иесі құқығы сатып алу-сату шарты бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен "Жылжымайтын мүліктер және олармен жасалған мәмілелердің иелік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы" Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Жарлығында белгіленгендей мәмілелердің тіркелу мерзімінен бастап күшіне енеді.

8. Тендерді ұйымдастыру мен өткізуден басқа, объектілерді жекешелендіруден түскен қаражат республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.